Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты

Батыс-Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі
Археология бөлімі

«Остров Крым» ғылыми-қалпына келтіру зертханасы

Sarmatae:
ежелгі қобдиша құпиясы

Алматы – Орал
2024

ӘОК 902/904 (574)
КБЖ63.3 (5Каз)
S22

Басылым ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2022–2024 жж. гранттық қаржыландыруы шеңберінде
AP 14870513 жобасы аясында жүзеге асырылды

Жауапты редакторлар:
Ғ.А. Базарбаева, Г.С. Жұмабекова, Ә.М. Манапова

Құрастырушылар:
Я.А. Лұқпанова, А.М. Сеитов, М.А. Антонов, Э.Қ. Алтынбекова

S22 **Sarmatae: ежелгі қобдиша құпиясы.** Кітап-альбом. Алматы; Орал: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты; Батыс-Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің археология бөлімі; «Остров Крым» ғылыми-қалпына келтіру зертханасы, 2024. 164 б.

ISBN 978-601-82121-1-6

Кітап-альбомда Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданында орналасқан, тарихи маңызы зор Ұрысай-2 археологиялық кешеніне жүргізілген зерттеу нәтижелері кеңінен қамтылған. Археологиялық қазба жұмыстары барысында қазақстандық ғалымдар ауыл шаруашылығының қарқынды жүргізілуі салдарынан жойылып кету қаупі төнген үш обаны зерттеді. Бұл обалар өңірдің бай мәдениетін көрсететін құнды деректерге толы нағыз қазына болып шықты. Табылған жәдігерлердің ішінде сармат тайпаларының өмірі мен ғұрыптарына қатысты көптеген қызықты деректерді ашатын, әйелдің жерлеу орнынан табылған ағаш қобдиша ерекше орын алады. Ескерткішті зерттеу барысында артефактілерді сақтау ғана емес, олардың тарихи келбеті мен бастапқы мәнін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін археологиялық талдау, реставрация жұмыстары және табылған заттарды реконструкциялауды біріктіретін кешенді тәсіл қолданылды.

Басылым Қазақстанның ежелгі тарихына қызығушылық танытқан оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-82121-1-6

ӘОК 902/904 (574)
КБЖ 63.3 (5Каз)

Мұқабада: 1-бет – Қобдиша. Акварель. Суретші Манас Қазикеев;
4-бет – фотосурет Яна Лұқпановаңікі (экспедициядағы түсірілім)
және Элина Алтынбекованікі (зертханадағы түсірілім),
сонымен қатар қобдишаның 3D-реконструкциясы, орындаған Михаил Антонов.

© Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2024
© Батыс-Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі,
Археология бөлімі, 2024
© «Остров Крым» ғылыми-қалпына келтіру зертханасы, 2024
© Я.А. Лұқпанова, С.А. Нигматова, А.М. Сеитов, Р.Ж. Жанұзақ,
М.С. Шағырбаев, Қ. Алтынбеков, Э.Қ. Алтынбекова,
М.А. Антонов, А.Е. Ержанова, 2024

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Комитет науки
Институт археологии имени А.Х. Маргулана

Западно-Казахстанский областной историко-краеведческий музей
Отдел археологии

Научно-реставрационная лаборатория «Остров Крым»

Sarmatae:
тайна древней шкатулки

Алматы – Уральск
2024

УДК 902/904 (574)
ББК 63.3 (5Каз)
S22

Издание осуществлено по грантовому финансированию Комитета науки МНВО РК 2022—2024,
ИРН проекта AP 14870513

Ответственные редакторы:
Г.А. Базарбаева, Г.С. Джумабекова, А.М. Манапова

Составители:
Я.А. Лукпанова, А.М. Сеитов, М.А. Антонов, Э.К. Алтынбекова

S22 **Sarmatae: тайна древней шкатулки.** Книга-альбом. Алматы; Уральск: Институт археологии имени А.Х. Маргулана; отдел археологии Западно-Казахстанского областного историко-краеведческого музея; Научно-реставрационная лаборатория «Остров Крым», 2024. 164 с.

ISBN 978-601-82121-1-6

В книге-альбоме представлены результаты всестороннего исследования уникального археологического комплекса Урысай-2, расположенного в Шынгырлауском районе Западно-Казахстанской области. В ходе археологических раскопок казахстанские учёные изучили три кургана, находившихся под угрозой разрушения из-за интенсивного сельскохозяйственного освоения территории. Эти курганы оказались настоящим достоянием, предоставив материалы, показывающие яркую культуру региона. Среди находок особое место занимает деревянная шкатулка, обнаруженная в погребении женщины, которая раскрывает много интересных фактов о жизни и ритуалах сарматских племён. К исследованию памятника применён комплексный подход, объединяющий археологический анализ, реставрационные работы и реконструкцию находок, что позволяет не только сохранить артефакты, но и восстановить их исторический облик и предназначение.

Издание адресовано широкому кругу читателей, интересующемуся древней историей Казахстана.

ISBN 978-601-82121-1-6

УДК 902/904 (574)
ББК 63.3 (5Каз)

На обложке: стр. 1 – Шкатулка. Акварель. Художник Манас Казикеев;
стр. 4 – фото Яны Лукпановой (съёмка в экспедиции)
и Элины Алтынбековой (съёмка в лаборатории),
а также 3D-реконструкция шкатулки, выполненная Михаилом Антоновым.

© Институт археологии имени А.Х. Маргулана, 2024
© Отдел археологии Западно-Казахстанского областного историко-краеведческого музея, 2024
© Научно-реставрационная лаборатория «Остров Крым», 2024
© Я.А. Лукпанова, С.А. Нигматова, А.М. Сеитов, Р.Ж. Жанузак, М.С. Шагирбаев, К. Алтынбеков, Э.К. Алтынбекова, М.А. Антонов, А.Е. Ержанова, 2024

Кіріспе

Шыңғырлау ауданы Батыс Қазақстан облысының солтүстік-шығысында орналасқан және өңірдің ең биік аумағы болып табылады (1–2-сур.). Оның ең биік нүктесі Ақтөбе облысының шекарасына жақын, Отрадное кентінің солтүстігінде орналасқан. Аудан Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысының Бөрлі, Сырым және Қаратөбе аудандарымен, Ақтөбе облысының Қобда ауданымен, сондай-ақ Ресей Федерациясы Орынбор облысының Соль-Илецк және Ақбұлақ аудандарымен шектеседі [Свод 2011: 459].

Ауданның ландшафтына бірнеше табиғи кешендер кіреді: Орал үстіртінің жазығы, Елек, Утва, Шыңғырлау өзендерінің аңғарлары, Қараағаш және Аққұм құмды массивтері. Флора мен фаунаның сирек кездесетін түрлері мекендейтін бірегей экожүйелері бар ауданның қолайлы табиғи жағдайлары ежелгі уақытта мал санының өсуіне, халықтың көбеюіне ықпал етті [Батыс Қазақстан… 2005: 44].

Шыңғырлау ауданы дербес әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде 1930 ж. құрылды. Аудан орталығы 1933 ж. Чингирлау (қазіргі Шыңғырлау ауылы) деген жаңа атау алған Шілік ауылы болды. Ауылдың атауы Шыңғырлау өзенімен байланысты деп болжануда. Ол туралы XIV–XV ғғ. ұлы ақын, философ және халық сүйіктісі Асанқайғы айтқан. *«Иә, Шыңғырлау, мұнда жылқы табындарының өте жақсы көбеюі бұл сенің табысың... Сенсіз олар көбейе алмас еді»* деп өзеннің жағасында түнеп шыққаннан кейін таңданыспен айтты [Адамбаев 1997: 139]. Осылайша, ғасырлар бойы дала өмірін сумен толтырған өзен туралы естелік сақталған. Бұл атау қайдан пайда болды? Оның шығуы өткеннің құпияларымен, аңыздарымен көмкерілген.

Бұл өңірді ұзақ жылдар бойы тақ мұрагерін аңсап өткен қатал мінезді бір хан билегені аңыз болып тараған. Оның жасаған дұғалары қабыл болып, оған қыз бала нәсіп болды. Қыз өмірінің алғашқы күндерінен-ақ жарқын және көңілді болып өсіп, «сыңғырлы» дегенді білдіретін Сыңғырла есімін алады. Уақыт өте келе Сыңғырла әдемі бойжеткенге айналды. Бірде, туған ауылының маңында серуендеп жүрген Сыңғырла қарапайым отбасынан шыққан жас


Введение

Шынгырлауский район находится на северо-востоке Западно-Казахстанской области и является наиболее возвышенным участком региона (рис. 1–2). Его высшая точка расположена близ границы с Актюбинской областью, севернее посёлка Отрадное. Район граничит с Бурлинским, Сырымским и Каратобинским районами Западно-Казахстанской области, с Хобдинским районом Актюбинской области Республики Казахстан, а также с Соль-Илецким и Акбулакским районами Оренбургской области Российской Федерации [Свод 2011: 459].

Ландшафт района включает в себя несколько природных комплексов: равнина Подуральского плато, долины рек Илек, Утвы, Шынгырлау, песчаные массивы Караагаш и Аккумы. Благоприятные природные условия района, содержащие уникальные экосистемы, в которых обитают редкие виды флоры и фауны, способствовали увеличению численности скота, росту населения в древности [Батыс Казакстан… 2005: 44].

Чингирлауский район как самостоятельная административно-территориальная единица образован в 1930 г. Его районным центром стал посёлок Чилик, который в 1933 г. получил новое название — Чингирлау (ныне село Шынгырлау). Предполагается, что название посёлка связано с одноимённой рекой Чингирлау. О ней упоминал ещё в XIV–XV веках великий поэт, философ и народный любимец Асанкайгы. Проведя ночь на её берегах, он с восхищением сказал: *«Да, Чингирлау, это твоя заслуга, что здесь так хорошо размножаются табуны лошадей. Ведь без тебя они не могли бы расплодиться»* [Адамбаев 1997: 139]. Так на века сохранилась память о реке, чьи воды наполняли жизнь степи. Откуда же произошло это название? Его происхождение окутано тайнами, легендами и преданиями прошлого.

Говорят, в этих краях правил строгий хан, который долгие годы мечтал о наследнике. Услышав его молитвы, небеса даровали ему дочь. Девочка с первых дней своей жизни была светлой и радостной, за что получила имя Сыңғырла, что означает «звонкая». Время шло, и Сыңғырла выросла в прекрасную девушку. Однажды, прогуливаясь по окрестностям родного селения, она встретила



1-сур. Ұрысай-2. Картада орналасуы
Рис. 1. Урысай-2. Расположение на карте

жігітті жолықтырады. Екеуінің жүректері лезде табысып, махаббатқа бөленеді. Алайда олардың бақыты ұзаққа созылмады. Шопан жігіттің хан қызына көз салғаны туралы сыбысты нөкерлер ханға жеткізді. Ашуға булыққан билеуші оны өлім жазасына кесуді бұйырады. Бұл хабарды естіген Сыңғырла терең қайғыға батып, биік жартасқа шығып, ұзақ жылайды. Оның ащы көз жасы мөлдір бұлаққа айналып, қыздың есімін мәңгі сақтайтын өзен пайда болады. Сүйіктісінен айырылған Сыңғырла бұл дүниемен қоштасып, жігіт соңынан ана дүниеге аттанады. Содан бері Шыңғырлау өзені мәңгілік махаббат жайлы сыбырлап ағады. Оның толқындарынан Сыңғырланың көз жасының жаңғырығы естіледі [Семь чудес Чингирлау].

1924 жылы туған Шыңғырлау ауданының қариясы Лидия Ивановна Мирошникова өз естеліктерінде Шыңғырлау атауының шығуының бірнеше нұсқасы бар екендігін айтады. Ең көп таралған нұсқаның бірі оны осы аймақтарда өсетін өсімдіктермен байланыстырады, олар шілік және жабайы шие. Алайда, Лидия Ивановна Шыңғырлау ауылының атауы Елек өзенінен шыққан деген көзқарасты да қолдайды. Созылып жатқан шексіз даладағы өзен жергілікті тұрғындар үшін жалғыз тіршілік көзі болды. Қазақтар суды шелекпен алып, өзенді «Шелек» деп атады, ол кейіннен орыс тілінде «Чиликке»айналды. Осы сөзден Шыңғырлау (Чингирлау) атауы шыққан [История села в воспоминаниях].

юношу из простой семьи. Их сердца соединились, но счастье оказалось недолгим. Нукеры хана донесли, что простой пастух осмелился взглянуть на его дочь. Разгневанный правитель без колебаний приказал казнить юношу. Безутешная Сыңғырла долго плакала, сидя на высокой скале. Её горькие слезы стекали вниз, превращаясь в прозрачный поток. Так возникла река, навеки хранящая имя девушки. Не в силах смириться с утратой, Сыңғырла последовала за возлюбленным в мир иной. С тех пор воды Шынгырлау шепчут о вечной любви, а в их тихом звоне слышится эхо пролитых слез [Семь чудес Чингирлау].

Из воспоминаний старожила Шынгырлауского района Лидии Ивановны Мирошниковой (1924 г. р.), известно, что происхождение названия Шынгырлау имеет множество версий. Одна из самых распространённых связывает его с растениями, произрастающими в этих краях, — чилигой и дикой вишней (шие). Однако Лидия Ивановна придерживается иной точки зрения. По её словам, название посёлка Шынгырлау произошло от реки Илек. Вокруг простиралась бескрайняя степь, а река была единственным источником жизни для местных жителей. Казахи, зачерпывая воду вёдрами, называли реку «Шелек», что впоследствии трансформировалось в русском языке в «Чилик». От этого слова и произошло название Чингирлау [История села в воспоминаниях].

Ал 1956 жылы туған Жаңақөш ауылының тұрғыны Әлібек Құланбекұлы Қанафин мекен атауының шығуы жайында тағы бір қызықты мәлімет ұсынады. Оның айтуынша, ертеде өңірде мал сататын ірі жәрмеңке болған, оған қазақтар жылқы табындарын алып келген. Бұл атаудың шығу тегі жылқылардың кісінеуіне байланысты Чилик деп аталды. Қалай болғанда да, Шыңғырлау топонимінің тарихы әлі де жұмбақ күйінде қалып отыр.

Шыңғырлау ауданында өткен дәуірлердің құпияларын сақтайтын ежелгі ескерткіштер — обалардың көптеп табылғанына қарамастан, аймақ археологиялық тұрғыдан аз зерттелген.

Шыңғырлау ауданының археологиялық ескерткіштер жинағының мәліметтері бойынша, аумақта ерте қола, темір және орта ғасырларға жататын 200-ге жуық ескерткіштер бар. Олардың ішінде Лебедевка, Елекшар, Ащысай, Ұрысай және т. б.

Аймақтың бай тарихын куәландыратын және көшпелі тайпалардың тарихын зерттеуге бірегей материалдарға бай, археологияның эталонды, негізгі ескерткіштерінің бірі – Лебедевка қорымы. Ол Қалдығайты мен Утва өзендерінің

Интересную версию происхождения названия приводит и житель пос. Жанакуш – Алибек Куланбекович Канафин (1956 г. р.). По его словам, в старину в регионе действовала крупная ярмарка по продаже скота, куда казахи приводили табуны лошадей. Её называли Чиликской, а происхождение этого названия связывали с подражанием ржанию лошадей. Так или иначе, история топонима Шынгырлау остаётся загадкой для современников.

Археологически регион остаётся малоизученным, несмотря на то, что в Шынгырлауском районе обнаружено значительное количество курганов — древних памятников прошлого, хранящих в себе тайны ушедших эпох. По данным свода археологических памятников Шынгырлауского района, на территории региона насчитывается около 200 памятников археологии, относящихся к эпохе ранней бронзы, железа и средневековья. Среди них Лебедёвка, Илекшар, Ащисай, Урысай и др.

Одним из эталонных, ключевых памятников археологии, предоставляющих уникальные материалы для изучения истории кочевых племён, является могильник Лебедёвка. Он расположен между речками Калдыгайты и Утва и включает в себя



2-сур. Ұрысай-2. Ескерткіштің орналасуы. ©Google Maps
Рис. 2. Урысай-2. Расположение памятника. ©Google Maps

арасында орналасқан және қола дәуірінен бастап көшпенділердің соңғы кезеңіне дейінгі 300-ден астам обаларды қамтиды. Бұл обалар I–VIII Лебедевка деп белгіленген сегіз топқа бөлінеді және жерлеу орны ғана емес, ғибадатхана да болуы мүмкін.

КСРО Ғылым академиясының Археология институтынан М.Г. Мошкованың мен Орал педагогикалық институтынан Б.Ф. Железчиков, В.А. Кригердің жетекшілігімен бірлескен экспедиция 1977 жылдан бастап төрт далалық маусымда Лебедевка кешенінде зерттеу жүргізді. Үш далалық маусымда IV–VIII топтардағы үш ғибадат ғимараты мен 88 оба зерттелді [Мошкова и др. 1979; Железчиков и др. 2006]. Кең хронологиялық диапазонды материалдары бар қазылған обаларда қола дәуірінен бастап кейінгі көшпенділер кезеңіне дейінгі жерлеу орындары басым. Б.д.д. V ғ. – б.д. IV ғ. ерте көшпенділердің жерлеу орындары бар (101 қабір). Лебедевка қорымы қарастырылып жатқан аумақтың алғашқы және әзірге жалғыз жерлеу ескерткіші, мұндай жинақы және үлкен (қазір – 50 қабір) кейінгі сармат жерлеу тобын оны осы кезеңді зерттеуге арналған бірегей ескерткішке айналдырды.

2001 ж. А.А. Бисембаев пен С.Ю. Гуцаловтың жетекшілігімен Тарих және археология орталығының отряды археологиялық зерттеулерді қайта жалғастырды. Ауданда археология және сәулет ескерткіштеріне барлау жүргізілді, нәтижесінде Лебедевка-2 кешенінде археологиялық қазба жұмыстары жүзеге асырылды. 2002 жылы Батыс Қазақстан облыстық Тарих және археология экспедициясы С.Ю. Гуцаловтың жетекшілігімен он обаны зерттеді, оның ішіндегі ең маңыздысы № 6 обадан көрнекі әйел адамның жерлеуінің табылуы болды. Жерлеу орнынан адаммен бірге көптеген заттар табылды: қола айна, екі шыны ыдыс, *Grifea* қабыршағы, олардың бірінде қызыл түсті бояу болды, жанында ашық қоңыр түсті қиыршық тастар, биконикалық формадағы керамика ыдыстар, тас қайрақ, және жанында биконикалық формадағы саз балшықтан жасалған ұршық басы. Бас сүйегінің астынан дөңгелек пішінді алтыннан жасалған жапсырмалар және жапырақ тәрізді ашық қоңыр түсті моншақ табылды, ал сол жағынан алтыннан жасалған конус тәрізді тігілетін жапсырмалардың шоғыры, жарты шар, «таблетка» тәрізді, артқы жағында екі ілмегі бар штампталған бұғы тәрізді тілікшелер, айналмалы свастика түріндегі және дән техникасымен орындалған алмұрт

более 300 курганов, которые датируются от эпохи бронзы до периода поздних кочевников. Эти курганы разделены на восемь групп, обозначенных как Лебедёвка I–VIII, и включают в себя не только захоронения, но и прямоугольные склепы, которые могли быть святилищами.

Начиная с 1977 г., в течение четырёх полевых сезонов исследования Лебедёвских комплексов проводила совместная экспедиция Института археологии АН СССР под руководством М.Г. Мошковой и Уральского пединститута под руководством Б.Ф. Железчикова, В.А. Кригера. За три полевых сезона исследовано 88 курганов и три культовых сооружения в группах IV–VIII [Мошкова и др. 1979; Железчиков и др. 2006]. В раскопанных курганах, содержащих материалы широкого хронологического диапазона, преобладают погребения ранних кочевников V в. до н.э. – IV в. н.э. (101 могила). Лебедёвский могильник стал первым и пока единственным погребальным памятником рассматриваемой территории со столь компактной и большой (сейчас – 50 могил) группой позднесарматских погребений, что делает его уникальным памятником для изучения этого периода.

В 2001 г. археологические исследования возобновляет отряд Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии (ЗКО ЦИА) под руководством А.А. Бисембаева и С.Ю. Гуцалова – проведена сплошная разведка памятников археологии и архитектуры в районе, по итогам которой продолжились археологические раскопки на комплексе Лебедёвка-2. В 2002 г. экспедицией ЗКО ЦИА под руководством С.Ю. Гуцалова исследовано 10 курганов, из которых самое значительное открытие сделано в кургане № 6, где обнаружено захоронение знатной женщины. Погребённую сопровождало значительное количество предметов: бронзовое зеркало, два стеклянных сосуда, раковины *Grifea*, в одной из которых была краска красного цвета, рядом с ними галька светло-коричневого цвета, керамические сосудики биконической формы, каменный оселок, там же рядом глиняное пряслице биконической формы. Под черепом обнаружены бляшки круглой формы из золота и бусина светло-коричневого цвета листовидной формы, слева от черепа находилось скопление нашивных конусовидных бляшек из золота, полусферической формы, в виде «таблеток», штампованные пластины в виде головы оленя с двумя петлями на оборотной стороне, бляшка в виде вихревой свастики, нашивка грушевидной формы, выполненная в технике

пішінді жапсырма табылды. Зергерлік бұйымнан үлкен алқа (гривна) және екі салпыншақ болды [Гуцалов 2007; Свод 2011: 434]. 2017 жылы М.Д. Қалменовтың басшылығымен БҚМУ экспедициясы Лебедевка-1 кешеніндегі № 1 обаны қазды, б.д.д. V ғ. жерлеу орындары зерттелді. Жерлеу орындарынан Ахеменидтік Иранда жасалған бұйымдар, қару-жарақтар, керамикалық материалдар табылды [Калменов, Сейткалиев 2020].

Лебедевка жерлеу орнынан табылған заттар құрамының ерекшелігімен, әр алуандылығымен және бай материалдық мазмұнымен ерекшеленеді. Бұл бұйымдардың басым бөлігі Оңтүстік Орал өңіріндегі өзге жерлеу орындарына тән емес. Лебедевка ескерткіші – Батыс Қазақстан мен Шығырлау ауданы аумағындағы бірегей жерлеу нысаны ретінде ғылыми тұрғыдан ерекше маңызға ие. Кешеннің орналасуы келушілер үшін қолайлы, ол Аққұм құмды алқабының іргесінде орналасқан.

XX ғасырдың 80-жылдарында Ащысай қорымындағы жеке қазбаларды облыстық өлкетану музейінің қызметкері Б. Райымқұлов жүргізді. Ол алты обаны зерттеді, олардың заттық материалдары: қола жебе ұштары, темір қылыш, әртүрлі пішінді моншақтар, темір бұралған ілмек, қалыпталған ыдыстар, қола айналар және савромат-сармат тайпаларының басқа да материалдық мәдениет бұйымдары. Бірегей артефактілердің қатарына жиегі бар, дөңгелек пішінді, жыртқыш мысық тұқымдас жануардың ақсиған ауызды басы түрінде ойылып жасалған үш аяғы бар құрбандық тасы және қарама-қарсы бағытқа қараған жылқы бастары бейнеленген сүйектен жасалған тарақтың сабы жатады [Райымкулов 1990: 25].

Археологиялық тұрғыдан маңызы кем түспейтін ескерткіштердің бірі – Елекшар обалар кешені. 2001 ж. басталған зерттеулер Батыс Қазақстан археологиясына қосылған маңызды үлес болып табылады. Елекшар-I қорымының қазбалары әртүрлі тарихи кезеңдерге қатысты материалдарды анықтады, бұл аймақтағы мәдени үрдістерді түсіну үшін аймақтың маңыздылығын көрсетеді. Елекшар-I қорымы Елек өзенінің бойындағы биік жерде орналасқан және ұзындығы 420 м болатын 16 топырақ үйіндісінен тұрады. Обалардың солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағыты белгілі бір салттық және мәдени дәстүрлерді көрсетеді. Ерте темір дәуірімен мерзімделген № 1 және 2 обалар оңтүстік бөлігінде орналасса, кейінгі ортағасырдың саздан соғылған құрылызерни. Украшения были представлены массивной гривной и двумя височными подвесками [Гуцалов 2007; Свод памятников… 2011: 434].

В 2017 г. на комплексе Лебедёвка-1 раскопан курган № 1 экспедицией ЗКГУ под руководством М.Д. Калменова, где исследованы погребения V в. до н.э. В погребениях обнаружены изделия из Ахеменидского Ирана, предметы вооружения, керамический материал [Калменов, Сейткалиев: 2020].

Необычен инвентарь Лебедёвских погребений, отличающийся особым составом, разнообразием и богатством, многие из которых не свойственны захоронениям Южного Приуралья. Памятник древности, каким является Лебедёвка, можно считать уникальным в научном плане погребальным объектом Западного Казахстана и Шынгырлауского района. Комплекс удобен для посещения, расположен возле песчаного массива Аккум.

В 1980-е гг. отдельные раскопки на могильнике Ащысай проводил сотрудник областного краеведческого музея Б. Райымкулов. Им было исследовано шесть курганов, вещевой материал которых представлен бронзовыми наконечниками стрел, железным мечом, бусинами различных форм, железным колчанным крючком, лепными сосудами, бронзовыми зеркалами и другими предметами материальной культуры савромато-сарматских племён. Наиболее уникальными являются каменный жертвенник с бортиком округлой формы с тремя ножками, выполненными в виде головы хищника кошачьей породы с оскаленной пастью, и костяное навершие гребня с изображёнными на нём конскими головами, обращёнными в противоположные стороны [Райымкулов 1990: 25].

Не менее значимым памятником археологии является курганный комплекс Илекшар. Исследования, начатые в 2001 г., представляют собой важный вклад в археологию Западного Казахстана. Раскопки могильника Илекшар I выявили материалы, относящиеся к различным историческим периодам, что подчёркивает значимость местности для понимания культурных процессов в регионе.

Могильник Илекшар I находится на возвышенности у р. Илек и состоит из 16 земляных курганов, расположенных в линию длиной 420 метров. Ориентация курганов с северо-востока на юго-запад указывает на определённые ритуальные и культурные традиции. Курганы № 1 и 2, датируемые скифским временем, расположены в южной части, в то время как глиняные сооружения позднего Средневековья находятся в центральной части. Курганы

стары орталық бөлігінде. Қола дәуірінің обалары солтүстік-шығыс шетінен табылды. 2002 жылдан бері жүргізілген ауқымды қазба жұмыстары бірегей олжалармен ерекшеленетін № 3 обаның жерлеу кешенінің ашылуына әкелді. Қабір шұңқырының құрамы, қызыл охрамен боялған адам сүйектерінің қалдықтары және пуансонмен өрнектелген металл заттар Кавказ мәдениетімен байланыстырады және б.д.д. III мыңж. екінші жартысында далалық Орал маңында белгілі бір жерлеу әдет-ғұрыптарының таралуын көрсетеді. Кешеннің осы кезеңмен мерзімделуі оны Қазақстан аумағындағы ең көне топтық оба жерлеуінің біріне айналдырды. Бұл жаңалық аймақтағы ежелгі мәдениеттердің өзара арақатынасы мен кавказдық дәстүрлердің жергілікті әдет-ғұрыптардың қалыптасуына әсерін зерттеу үшін үлкен маңызға ие. Оннан астам жерлеу орны кейінгі қола дәуіріне жатады, оның ішінде б.д.д. II мыңж. ортасындағы № 6 обада ашылған арбашы ақсақалдың элиталық жерленуі ерекше көзге түседі. Бірқатар жерлеу б.д.д. I мың. – ерте көшпенділер дәуіріне жатады. Олар б.д.д. V ғасырдағы үлкен жерлеу кешенімен № 1 обадағы ең үлкен қорымда ұсынылған, өкінішке орай, бірнеше рет тоналған. Қабірдің оңтүстік шетінде скифтік аң стилінде безендірілген бай металл үзеңгілермен бірге қойылған екі жылқы жерлеуі, сонымен қатар жоғарыдан төмен қарай конусты баспалдақты пирамида тәрізді жерлеу шұңқырының формасы қызығушылық туғызады. Б.д.д. IV–III ғғ. жататын, қола жебе ұштары бар қорамсақтар және темір қылыштармен жабдықталған жауынгерлердің катакомбалық жерлеу орындары бар. № 1 обаның жоғарғы қабаттарында Батыс Қазақстан үшін сирек кездесетін XI–XII ғғ. атты қыпшақтың жерлеу орны ашылды. Шағын сазды мазар обаларындағы бірқатар жерлеу орындары ноғай кезеңіне жатады [Свод 2011: 438].

Жүргізілген зерттеулер археологияда кешенді тәсілдердің маңыздылығын айқындайды, оған географиялық контекстілеу, қазба жұмыстарының әдістемесі, артефактілерді талдау және басқа да обалы кешендерімен салыстырмалы зерттеу кіреді. Бұл Батыс Қазақстанның тарихы мен мәдениетін тереңірек түсінуге және Далалық Орал өңірінің ежелгі өркениеттері туралы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

2021 жылғы далалық маусымда Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің Тарих және археология бөлімінің археологиялық от-

эпохи бронзы обнаружены на северо-восточной окраине.

Масштабные раскопки, проведённые с 2002 г., привели к открытию погребального комплекса в кургане № 3, который выделяется уникальными находками. Конструкция могильной ямы, костные останки человека, окрашенные красной охрой, и металлические предметы с пуансонным орнаментом свидетельствуют о культурных связях с Закавказьем и распространении определённых погребальных обычаев в степном Приуралье во второй половине III тыс. до н.э. Датировка комплекса этим периодом делает его одним из самых древних групповых курганных захоронений на территории Казахстана.

Открытие имеет большое значение для изучения древних культурных взаимодействий в регионе и влияния закавказских традиций на формирование местных обычаев. Более десяти погребений относилось к позднебронзовому веку, из которых выделяется элитное захоронение старейшины-колесничего середины II тыс. до н.э., открытое в кургане № 6. Ряд погребений относится к эпохе ранних кочевников – I тыс. до н.э. Они представлены грандиозным погребальным комплексом V в. до н.э. в крупнейшем в могильнике кургане № 1. Интерес представляет захоронение у южного края могилы двух коней в сопровождении богатой металлической уздечки, декорированной в скифском зверином стиле, а также сама форма могильной ямы – в виде конической ступенчатой пирамиды вершиной вниз.

Имеются воинские захоронения IV–III вв. до н.э., совершённые в катакомбах в сопровождении колчанов с бронзовыми наконечниками стрел и железных мечей. В верхних слоях кургана № 1 было открыто редкое для Западного Казахстана захоронение всадника-кыпчака XI–XII вв. в сопровождении взнузданного коня. Целый ряд погребений в небольших глиняных курганах-мазарах относятся к ногайскому периоду [Свод памятников 2011: 438].

Проведённые исследования подчёркивают важность комплексного подхода к археологии, включая географическую контекстуализацию, методологию раскопок, анализ артефактов и сравнительное изучение с другими курганными комплексами. Это позволяет углубить понимание истории и культуры Западного Казахстана и расширить знания о древних цивилизациях Степного Приуралья.

В полевом сезоне 2021 г. археологическим отрядом отдела истории и археологии Западно-Ка-



3-сур. Ұрысай-2. Ескерткіштің орналасуы. ©Google Maps
Рис. 3. Урысай-2. Расположение памятника. ©Google Maps

ряды (жет. Я.А. Лұқпанова) Ұрысай-2 кешенінің үш апатты обасын (№ 5, 13, 14) зерттеді. Кітапта Ұрысай-2 қорымы материалдарын ұжымдық зерттеу нәтижелері ұсынылған (3-сур.). Жұмыста ерте темір дәуіріндегі мәдени және тарихи оқиғаларға байланысты маңызды және қызықты фактілер қарастырылады. Археологиялық олжаларға, оларды талдауға және сол кездегі әлеуметтік-экономикалық және салттық тәжірибелер контекстінде түсіндіруге ерекше назар аударылды.

Аймақтың археологиялық мұрасының аз зерттелгенін есепке ала отырып, кітап Шыңғырлау ауданының тарихын зерттеуге елеулі үлес қосатынына сенімдіміз. Еңбекте ұсынылған материалдар мен тұжырымдар ерте темір дәуірінің мәдени және тарихи үрдістері туралы ғылыми түсініктерді кеңейтіп, өлкенің өткенінің жалпы көрінісін байытады.

захстанского областного историко-краеведческого музея (под руководством автора) было исследовано три аварийных кургана (№ 5, 13, 14) комплекса Урысай-2. В книге представлены результаты коллективного исследования материалов из могильника Урысай-2 (рис. 3). В работе рассматриваются значимые и интересные факты, связанные с культурными и историческими событиями эпохи раннего железа. Особое внимание уделено археологическим находкам, их анализу и интерпретации в контексте социально-экономических и ритуальных практик того времени.

Учитывая слабую изученность археологического наследия региона, уверены, что книга внесёт значимый вклад в исследование истории Шынгырлауского района. Представленные в ней материалы и выводы расширяют научные представления о культурных и исторических процессах эпохи раннего железного века, обогащая общую картину прошлого края.

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының табиғи-климаттық жағдайлары

Елек өзені бассейні Батыс Қазақстан облысының археологиялық тұрғыдан аз зерттелген аумақтарының бірі болып табылады. Бұл аймақтың табиғи ресурстары өте алуан және бай: су басқан шалғындар, жайылымдар, аңдар, балықтар мен құстарға бай кішкентай өзендер, пайдалы қазбалар, тұз бен саз шығатын жерлер, осылардың барлығы ежелгі заманнан-ақ адамдарды қызықтырды. Бұл аумақты игеру ұзақтығының дәлелі қола дәуірінен орта ғасырларға және қазіргі заманға дейінгі археологиялық ескерткіштер болып табылады.

Географиялық орналасуы және рельефі

Батыс Қазақстан облысы Қазақстанның батыс бөлігінде орналасқан және Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде стратегиялық жағдайға ие. Солтүстігі мен батысында Ресей Федерациясымен, оңтүстігінде – Қазақстанның Атырау, ал шығысында – Ақтөбе облыстарымен шектеседі. Батыс Қазақстан аумағында ерекше мемлекеттік маңызы бар өңірдің басты су артериясы Орал өзені ағып жатыр.

Облыс аумағы солтүстігінде Жайық өзенінің аңғарынан оңтүстігінде Каспий маңы ойпатының солтүстік шетіне дейін созылып жатыр, әрі жазық және таулы аймақтарды қамтитын әр түрлі рельефпен сипатталады. Батысында теңіз деңгейінен төмен белгілері бар Каспий маңы ойпатының бөлігі орналасқан. Ал шығыс аудандары Орал алдындағы үстірт пен өзен аңғарларымен бөлінген жоталарды қамтиды.

Шыңғырлау ауданы Батыс Қазақстан облысының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, солтүстігінде Ресеймен және оңтүстік-шығысында Ақтөбе облысымен шектеседі. Аудан аумағы Орал маңы таулы аймағына жатады және таулы дөңесті-қырқалы жазық болып табылады. Су айырықтарының абсолютті биіктігі солтүстік-шығыста 300–350 м-ден батыста және оңтүстік-батыста 80–100 м-ге дейін өзгереді. Су жүйелері рельефке терең еніп, биіктігі 150 м-ге дейін ауыспалы [Гельдыева и др. 1992].

Көптеген шағын дала өзендері мен сайлардың көптеген аңғарлары бұл аумақты шағын су

Природно-климатические условия Шынгырлауского района Западно-Казахстанской области

Бассейн р. Илек (Елек) является одним из наиболее малоизученных в археологическом отношении территорий Западно-Казахстанской области. Природные ресурсы этого края очень разнообразны и богаты: заливные луга, пастбища, маленькие речушки с обилием рыбы и птиц, зверей, полезные ископаемые, выходы соли и глин, всё это издревле привлекало людей. Свидетельством длительности освоения этой территории являются археологические памятники от эпохи бронзы до Средневековья и современности.

Географическое положение и рельеф

Западно-Казахстанская область расположена в западной части Казахстана и занимает стратегическое положение на стыке Европы и Азии. На севере и западе область граничит с Российской Федерацией, на юге – с Атырауской, а на востоке – с Актюбинской областями Казахстана. На территории Западного Казахстана протекает р. Жайык (Урал) – главная водная артерия региона, имеющая особое государственное значение.

Территория области простирается от долины р. Жайык на севере до северных окраин Прикаспийской низменности на юге. Область характеризуется разнообразным рельефом, включающим равнинные и холмисто-увалистые территории. На западе расположена часть Прикаспийской низменности с отметками ниже уровня моря. Восточные районы области охватывают Предуральское плато и возвышенности, расчленённые долинами рек.

В северо-восточной части Западно-Казахстанской области расположен Шынгырлауский район, граничащий с Россией на севере и Актюбинской областью на юго-востоке. Территория района относится к Предуральской возвышенности и представляет собой холмисто-увалистую равнину. Абсолютная высота водоразделов варьируется от 300–350 м на северо-востоке до 80–100 м на западе и юго-западе. Водные системы глубоко врезаны в рельеф, образуя перепады высот до 150 м [Гельдыева и др. 1992].

Многочисленными долинами малых степных рек и саев эта территория расчленена на небольшие

айырық массивтерге бөледі. Бөлу массивтеріндегі салыстырмалы асып кетулер 20–30 м дейін, бірақ негізгі өзендер аңғарларының түбінен су айырықтарының асып кетуі 80–100 м, тіпті 150 м жетуі мүмкін. Бұл құрылымдық-денудациялық тұрғыдан бөлшектенген көтеріңкі жазық негізінен теңіздік мезозойлық қалың құмтас, саз және мергель қабаттарынан түзілген [Беспалов 1971; Абдулин 1981].

Орал маңы үстіртінің батыс шетінен өтетін биік (50–100 м) аккумулятивтік көлбеу аллювийлік жазық Сырт алды жарлы биігі Каспий маңы ойпатынан бөліп тұрады. Үстірттің ең биік бөлігі – Ор, Елек және Жем өзендерінің өзенаралығы [Галимов 2001]. Бұл жерде жоғарғы бор мергельдері қаланған және палеоген құмтастарымен көмкерілген қорғалған баспалдақты (тегіс үстірт) жазық басым [Беспалов 1971; Абдулин 1994].

Орал алды биік дала негізінен қоңыр қызыл топырақтарынан, ішінара оңтүстіктік қаратопырақты, ал оңтүстігі әдеттегі каштан топырақты. Мұндағы рельеф, айтарлықтай эрозиялық бөлшектенуге қарамастан, салыстырмалы түрде жұмсақ: су айырықтары тегіс және жұмсақ толқынды, беткейлері әдетте айтарлықтай қалың қабатты борпылдақ тау жынысы тәрізді саздақтармен жабылған [Гельдыева и др. 1992].

Ауданның негізгі су нысандары Елек өзені және оның салалары. Елек екі жайылмалы террасасы бар кең алқапты және көптеген каналдар мен ескі көлдерді құрайды. Өзен Мұғалжар тауларында орналасқан жоғарғы ағысын қоспағанда, біртекті дала ландшафтымен сипатталады.

Батыс Қазақстан облысының климаты жазы ыстық, қысы суық континенталды. Жауын-шашынның жылдық мөлшері оңтүстікте 250 мм-ден облыстың солтүстігінде 400 мм-ге дейін өзгереді, ал қар жамылғысы аудандарға байланысты 70-тен 140 күнге дейін созылады. Облыстың негізгі табиғи аймақтары – далалық және жартылай шөлейттер.

Қаңтардағы орташа температура – -14 °С, ал шілдеде – +25 °С. Температураның абсолютті төменгі шегі – -40 °С, ал жоғарғы шегі – +40 °С. Қыста қар жамылғысы ауданның оңтүстігінде шамамен 70 күн, солтүстігінде 140 күнге дейін созылады. Жауын-шашынның жылдық мөлшері оңтүстігінде 250 мм-ден солтүстігінде 400 мм-ге дейін. Жыл бойы қатты жел соғып, жазда құрғақ желдер жиі кездеседі [Пугачева 1973; Мырзагалиева и др. 2024].

по площади водораздельные массивы. Относительные превышения в пределах водораздельных массивов невелики – до 20–30 м, однако превышения водоразделов над днищами долин основных рек может достигать 80–100 м и даже 150 м. Эта расчленённая структурно-денудационная приподнятая равнина сложена в основном мощной толщей морских мезозойских песчаников, глин и мергелей [Беспалов 1971; Абдулин 1981].

С запада Предуральское плато окаймляет высокая (от 50 до 100 м) аккумулятивная наклонная аллювиальная равнина Предсыртового уступа, отделяющая его от Прикаспийской низменности. Наиболее высокая часть плато — междуречье рек Орь (Ор), Илек (Елек) и Эмбы (Жем) [Галимов 2001]. Здесь преобладают бронированные ступенчатые равнины (столовые плато), сложенные верхнемеловыми мергелями и увенчанные песчаниками палеогена [Беспалов 1971; Абдулин 1994].

Предуральская возвышенная степь в основном сложена тёмно-каштановыми почвами, отчасти с южными чернозёмами, на юге с типичными каштановыми почвами. Рельеф здесь, несмотря на значительное эрозионное расчленение, относительно мягкий: водоразделы плоские и пологоволнистые, склоны, как правило, покрыты лёссовидными суглинками значительной мощности [Гельдыева и др. 1992].

Основными водными объектами района являются р. Елек и её притоки. Елек формирует широкую долину с двумя надпойменными террасами и многочисленными протоками и озёрами-старицами. Река характеризуется однородным степным ландшафтом, за исключением верховий, которые расположены в горах Мугалжар.

Климат Западно-Казахстанской области резко континентальный с жарким летом и холодной зимой. Годовое количество осадков варьируется от 250 мм на юге до 400 мм на севере области, а снежный покров держится от 70 до 140 дней в зависимости от района. Основными природными зонами области являются степи и полупустыни.

Средняя температура января достигает – -14 °С, а июля – +25 °С. Абсолютный минимум температуры составляет – -40 °С, а максимум – +40 °С. Зимой снежный покров держится около 70 дней на юге района и до 140 дней на севере. Годовое количество осадков колеблется от 250 мм на юге до 400 мм на севере. В течение всего года дуют сильные ветры, а летом часто наблюдаются суховеи [Пугачева 1973; Мырзагалиева и др. 2024].

Елек өзені бассейнінің геоморфологиялық және геологиялық ерекшеліктері

Елек өзенінің бассейні Каспий маңы-Орал синеклизі шегінде орналасқан және эрозиялық және тектоникалық үрдістердің әсерінен қалыптасқан күрделі рельефпен сипатталады. Аумақ үш геоморфологиялық кіші ауданға бөлінеді:

1. Батыс Елек денудациялық-эрозиялық кіші ауданы: ең төменгі биіктіктері мен кең аңғарлары бар әлсіз көлбеу жазықтармен ұсынылған.

2. Нақты-Елек эрозиялық-қалдықты кіші ауданы: әртүрлі рельефті құрайтын оқшауланған қалдық биіктіктердің болуымен ерекшеленеді.

3. Оңтүстік Орал эрозиялық-тектоникалық кіші ауданы: тектоникалық қозғалыстар мен эрозия нәтижесінде пайда болған тік беткейлері бар биіктіктер мен аласа таулары бар.

Елек бассейнінің аңғарларында биіктігі 2,5 м-ге дейін жететін төмен аккумулятивтік террассалар және кейде екі деңгейлі, биіктігі 8 м-ге дейін биік жайылмалар бар. Каспий теңізінің хвалын[1] трансгрессиясымен тығыз байланысты жайылма террассалар бес деңгейге дейін жетеді. Өзен террасаларының биіктігі өзеннің төменгі ағысында 3–4 м-ден, ал жоғарғы ағысында 12 м-ге дейін өзгеріп тұрады. Бұл террассалар көбінесе тектоникалық бұзылулар пайда болған жерлерде немесе тұзды жабындылар жанында эрозиялық сипатқа ие [Гельдыева и др. 1992].

Елек өзені бассейнінің ең биік учаскілері айқын жиектермен шектелген қабатты-көлденең денудациялық жазықтарды құрайды. Мозаикалық ландшафт өзен аңғарларына 30–40° бұрышпен түсетін жиектердің тең биіктігіне байланысты.

Елек өзені бассейнінің геологиялық құрылымы докембрийден қазірге дейінгі геологиялық кезеңдер бойы қалыптасты. Аймақтың іргетасын дорифей қатпарлы түзілістері құрайды (жасы

[1] Хвалын трансгрессиясы-шамамен 17–7 мың жыл бұрын плейстоцен мен ерте голоценде болған Каспий теңізі деңгейінің көтерілуіндегі ең үлкен оқиғалардың бірі.

Бұл уақыт мұздықтардың белсенді еруімен сипатталды, бұл Каспий теңізінің су көлемінің едәуір өсуіне әкелді. Трансгрессия жағалау сызығының кеңеюімен және аймақтың ірі өзендерінің бойында, соның ішінде Елек өзенінің бассейнінде әлі де байқалатын көптеген жайылмалық террассалардың пайда болуымен қатар жүрді. Хвалынск трансгрессиясы жағалау облыстарының заманауи рельефі мен гидрологиялық режимін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Геоморфологические и геологические особенности бассейна р. Елек

Бассейн р. Елек расположен в пределах Прикаспийско-Уральской синеклизы и характеризуется сложным рельефом, сформированным под воздействием эрозионных и тектонических процессов. Территория подразделяется на три геоморфологических подрайона:

1. Западно-Елекский денудационно-эрозионный подрайон: представлен слабо наклонными равнинами с минимальными возвышениями и широкими долинами.

2. Собственно-Елекский эрозионно-останцовый подрайон: отличается наличием изолированных останцевых возвышенностей, которые создают разнообразный рельеф.

3. Южно-Уральский эрозионно-тектонический подрайон: представлен возвышенностями и низкогорьями с крутыми склонами, сформированными в результате тектонических движений и эрозии.

Долины Еекского бассейна имеют низкие аккумулятивные террасы высотой до 2,5 м и высокие поймы, иногда двухуровневые, высотой до 8 м. Надпойменные террасы насчитывают до пяти уровней и тесно связаны с хвалынскими трансгрессиями Каспийского моря[1]. Высота речных террас варьируется от 3–4 м в низовьях реки и до 12 м в верховьях. Эти террасы зачастую имеют эрозионный характер, особенно в местах проявления тектонических нарушений или вблизи соляных куполов [Гельдыева и др. 1992].

Наиболее высокие участки рельефа бассейна р. Илек формируют пластово-горизонтальные денудационные равнины, ограниченные чёткими уступами. Мозаичный ландшафт обусловлен равновысотностью уступов, которые опускаются к долинам реки под углом 30–40°.

[1] Хвалынская трансгрессия – одно из крупнейших событий повышения уровня Каспийского моря, произошедшее в позднем плейстоцене и раннем голоцене, примерно около 17–7 тысяч лет назад.

Это время характеризовалось активным таянием ледников, что привело к значительному увеличению объема вод Каспийского моря. Трансгрессия сопровождалась расширением береговой линии и формированием множества пойменных террас, которые до сих пор можно наблюдать вдоль крупных рек региона, включая бассейн р. Елек. Хвалынская трансгрессия сыграла важную роль в формировании современного рельефа и гидрологического режима прибрежных областей.

1,6 миллиард жылдан асадын). Шығыс бөлігінде шағын аумақта іргетас байкал қатпарлығы кезінде – протерозойдың соңы мен кембрий дәуірінің басында (жасы 0,5 миллиард жылдан көп) қалыптасқан [Абдулин 1981; Гарецкий и др. 1960].

Фанерозой кезеңі барысында Каспий маңы ойпаты ұзақ әрі тұрақты шөгу процесіне ұшыраған, бұл палеозой, мезозой және кайнозой дәуірлеріне жататын қалың шөгінді жыныстар қабатының жиналуына себеп болған.

Тұз тектоникасының әсерінен мезо-кайнозой платформалық жабынында көптеген жарылымдармен бөлінген күмбездер, брахискладкалар және мульдалар қалыптасты, олар қазіргі жер бедерінде айқын көрініс тапқан.

Бассейннің негізгі бөлігін Орал–Жем денудациялық үстірті, сондай-ақ Каспий маңы синеклизінің солтүстік-шығыс бөлігі құрайды. Ол тұз тектоникасының белгілерімен сипатталады, ал жоғарғы палеозойдың қуатты шөгінді қабаты мезозой мен кайнозойдың көлденең шөгінділерімен жабылған және сазды-құмды жыныстардың қуатты қалыңдығымен ұсынылған. Шөгінділердің жоғарғы горизонттары төрттік құмды-сазды материалмен жабылған палеоген-неоген шөгінділерінен тұрады [Абдулин 1981; Гельдыева и др. 1992].

Елек өзені бассейнінің шығыс шеттерінің көтерілген бөлігінің рельефі негізінен орта палеозой эффузивтерінен тұратын меридионды ұзартылған жоталармен немесе параллель жоталар топтарымен ұсынылған. Бассейннің геологиялық құрылымына тұз тектоникасы айтарлықтай әсер етеді. Мұнда жиі кездесетін тұзды жабындылар кейде рельефте көрінеді, сонымен қатар аймақтың гидрологиялық үрдістерінің ерекшеліктерін анықтайды [Гельдыева 2010; Берденов и др. 2017].

Төрттік шөгінділер кең таралған және келесі генетикалық түрлермен ұсынылған: өзендік, көлдік, көл-өзендік (көл-аллювиалды), эолдық. Олар өзендер мен көлдердің жайылмалары мен террасаларын құрайды. Қазіргі шөгінділер жайылмаларды құрайды және өзен арналарын төсейді және жоғары және төмен жайылмалардың аллювиалды шөгінділерімен, көл және эолдық түзілімдерімен құралған. Жайылмалардың аллювиалды шөгінділері литологиялық тұрғыдан орташа және ұсақ түйіршікті сазды құмдармен, саздақтармен ұсынылған. Шөгінділердің қуаты – 5–7 м дейін. Көл шөгінділері көптеген көл бассейндерінің түбін құрайды және саздармен,

Геологическая структура бассейна р. Елек формировалась на протяжении геологических эпох от докембрия до современности. Основание территории сложено дорифейскими складчатыми образованиями (возраст свыше 1,6 млрд. лет). В восточной части на небольшой территории фундамент образовался во время проявления байкальской складчатости – в конце протерозоя и в начале кембрийского периода (возраст более 0,5 млрд. лет) [Абдулин 1981; Гарецкий и др. 1960].

В течение фанерозоя Прикаспийская впадина подвергалась длительному и устойчивому погружению, обусловившему накопление мощных толщ осадочных пород палеозойского, мезозойского и кайнозойского возраста.

Под воздействием соляной тектоники в мезо-кайнозойском платформенном чехле сформировались многочисленные разбитые сбросами куполы, брахискладки и мульды, отчётливо выраженные в современном рельефе.

Основную часть бассейна составляет Урало-Эмбинское денудационное плато, а также северо-восточная часть Прикаспийской синеклизы. Для неё характерны признаки проявления соляной тектоники, а мощная осадочная толща верхнего палеозоя перекрыта почти горизонтальными отложениями мезозоя и кайнозоя и представлена мощной толщей глинисто-песчаных пород. Верхние горизонты осадочных отложений сложены палеоген-неогеновыми отложениями, перекрытыми четвертичным супесчано-суглинистым материалом [Абдулин 1981; Гельдыева и др. 1992].

Рельеф наиболее приподнятой части восточных окраин бассейна р. Елек представлен меридионально вытянутыми грядами или группами параллельных гряд, сложенных в основном эффузивами среднего палеозоя. На геологическую структуру бассейна значительное влияние оказывает соляная тектоника. Распространённые здесь соляные купола иногда проявляются в рельефе и также определяют особенности гидрологических процессов региона [Гельдыева 2010; Берденов и др. 2017].

Четвертичные отложения распространены широко и представлены следующими генетическими типами: речными, озёрными, озёрно-речными (озёрно-аллювиальными), эоловыми. Они слагают поймы и террасы рек, озёр. Современные отложения слагают поймы и выстилают русла рек и представлены аллювиальными отложениями высокой и низкой пойм, озёрными и эоловыми образованиями. Аллювиальные отложения пойм представлены

алевролиттермен (алеврит түйіршіктерінен тұратын, цементтеліп тасқа айналған шөгінді тау жынысы), ұсақ түйіршікті құмдармен ұсынылған. Шөгінділердің қуаты 3 м-ден аспайды.

Бассейннің шығыс шеттері көбінесе жоғарғы эоценнің тығыз опокоидты құмтастарымен қатайтылған. Бұл жағдайларда құрылымдық-денудациялық шұңқырлар үлкен тіктікке ие, ал екі қатайтылған кеңістік көбінесе жазық рельефіне ярусты құрылым береді.

Аймақтың негізгі пайдалы қазбалары – тас көмір, темір және полиметалл кендері, табиғи газ және құрылыс материалдары. Бассейнде юра, бор және палеоген жасындағы тұщы жер асты суларының айтарлықтай қоры бар [Абдулин 1994; Галимов и др. 2001].

Елек өзені бассейнінің гидрографиялық желісі өзендердің, бұлақтар мен көлдердің кең жүйесімен ұсынылған. Ауданның негізгі су артериясы – Елек өзені, ол көптеген арналары мен ескі көлдері бар кең алқапты құрайды. Оның арнасы бірнеше жайылмалы террассалар мен төмен жайылмаларды құрайды.

Елек өзені бассейнінің көлдері шығу тегі мен химиялық құрамы жағынан алуан түрлі. Олардың көпшілігі аллювиалды (су ағындарының шөгінділері) немесе көл-аллювиалды және таяз су айдындары. Жайылмалар мен өзен арналары орташа және ұсақ түйіршікті құмдармен, құмды саздармен және саздақтармен ұсынылған аллювиалды шөгінділерден тұрады.

Бассейннің гидрологиялық жағдайлары өсімдіктердің дамуына және жануарлардың көптеген түрлерінің өмір сүруіне қолайлы жағдай жасайды. Жер асты суларының едәуір қоры оларды шаруашылық және ауыл шаруашылығы үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Елек өзенінің батыс жағалауы негізінен шағын төбелері бар аласа жазықтан тұрады. Бассейннің осы бөлігінің негізгі геоморфологиялық ерекшеліктеріне Каспий теңізінің бірнеше рет хвалын трансгрессиясының әсерінен пайда болған аллювиалды террассалардың болуы жатады. Батыс жағалаудағы террассалар биіктігі 3-тен 12 м-ге дейін өзгереді және көбінесе сатылы құрылымға ие.

Батыс жағалаудағы топырақтар аллювиалды саздақтар мен құмдар шалғынды-дала өсімдіктерінің қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды. Жайылма учаскелерінде малдың жемі ретінде қолданылатын дәнді және шөпті шалғындар

средне- и мелкозернистыми глинистыми песками, супесями, суглинками. Мощность отложений – до 5–7 м. Озёрные отложения слагают днища многочисленных озёрных котловин и представлены глинами, алевролитами, мелкозернистыми песками. Мощность отложений составляет не более 3 м.

Восточные окраины бассейна часто бронированы плотными опоковидными песчаниками верхнего эоцена. В этих случаях структурно-денудационные уступы имеют большую крутизну, а два бронирующих горизонта нередко придают рельефу равнины ярусное строение.

Основными полезными ископаемыми региона являются каменный уголь, железные и полиметаллические руды, природный газ, а также строительные материалы. В бассейне имеются значительные запасы пресных подземных вод юрского, мелового и палеогенового возраста [Абдулин 1994; Галимов и др. 2001].

Гидрографическая сеть бассейна р. Елек представлена разветвлённой системой рек, ручьёв и озёр. Главной водной артерией района является р. Елек, которая образует широкую долину с многочисленными протоками и озёрами-старицами. Её русло формирует несколько надпойменных террас и низкие поймы.

